

Музыка



ББК 85.31я72

7

Райымбергенов А., т.б.
7 Музыка: Жалпы білім беретін мектептің 2-сыныбына арналған оқулық/
А. Райымбергенов, С. Райымбергенова, Ү. Байбосынова. – Алматы:
Атамұра, 2006. – 104 бет.

ISBN 9965-34-560-0

4396021800-185
418(05)-06

ББК 85.31я72

ISBN 9965-34-560-0

© Райымбергенов А., Райымбергенова С.,
Байбосынова Ү., 2006
© «Атамұра», 2006

Ұлы күйшілерден өнеге алайық!

Балақай!

Сен қолыңа алып отырған жаңа оқулық
ұлы күйшілер өмірінің
ең қызықты оқиғаларын баяндап береді!
Көптеген атақты күйлердің шығу тарихымен
танысып, оларды кімге арнап шығарғандығы туралы
оқып біле аласың!

Құрманғазы, Қорқыт, Қазанғап, Дина сияқты
қазақтың ұлы күйшілерінің өмірімен танысып,
олардан өмірлік сабақ, өнеге аласың!

Бұл оқулық сенің бойыңа біткен
музыкалық қабілетті аша түсуге көмектеседі.
Біздің бабаларымыз қалдырған мол мұраны қадірлеп,
бойыңа сіңіре білсең ғана, сен еліңді, жеріңді сүйетін
үлкен азамат бола аласың!

Сен домбыра үйренуді жалғастыра түсесің!

Сонымен қатар осы оқулық арқылы
ою-өрнек әлемімен танысасың.

Әрбір оюдың өз атауы, орны, мағынасы болған.
Сен олармен танысып қана қоймай, оюлардың суретін
салып, өз кілемшелеріңді жасай аласың!

Әдемілік пен сұлулықты бағалауды үйренесің!
Өнер жолында саған сәт сапар тілейміз!

ДОМБЫРА – ҰЛЫ КҮЙШІЛЕРДІҢ ЖАН СЕРІГІ



Домбыра – көшпелі елдің көне шежіресі. Ол халықтың тарихи тағдырымен тамырлас. Тарихтың хатқа түспеген талай беттерін паш етеді.

Әрбір күйдің тарихына үнілсек, ол күйлер күйшілердің өмірі туралы талай сырды ақтарады.

І тоқсан

КҮЙ ПЕРНЕСІ АДАМ ӨМІРІНЕН СЫР ШЕРТЕДІ

Халық композиторы Құрманғазы



«Аман бол, шешем, аман бол»

Құрманғазы – қазақтың ұлы күйші-композиторы.

Құрманғазы өмір бойы теңсіздікпен, байлардың жа-саған зорлық-зомбылығымен күресіп өткен. Сол кездегі Ресей патшалығының қазақ даласын басып алу саяса-тына қарсы тұрып, бас көтерген аяулы аталарымыздың бірі Құрманғазы еді. Бұл қылығы үшін Құрманғазы пат-шаға да, байларға да жақпады. Қайда жүрсе де Құрман-ғазыны ұстап алып, түрмеге жапқызуға тырысты. Әсіресе Ақбайдың Әубәкірі деген бай Құрманғазыны ұры

деп айыптап, патшаға арыз жазады. Осы сылтауды пайдаланған патша күйшіні ұстап әкелуге жөндеттерін жібереді.

Құрманғазы отбасымен қаниен-қаперсіз отырғанда, патшаның солдаттары келеді. Құрманғазыны жан-жағынан қаумалап ұстап, сыртта тұрған арбаға айдап алып барады. Енді жүргелі тұрғанда, арбаның қасына Құрманғазының шешесі келеді. Анасы Құрманғазыны құшақтап, қоштасып, маңдайынан сүйеді. Сол кезде Құрманғазы әлі күнге дейін мәпелеп өсірген анасына еш көмек көрсете алмағанына қынжылып: «Қашан сенің ақ сүтіңді астармынау, осы уақытқа дейін саған тек уайым мен қайғыдан басқа ештеңе көрсете алмадым-ау», – деп қолына домбырасын алып, «Аман бол, шешем, аман бол» деп күй тартады.

Ою сал! «Тарақ» –



– Балалар! Бүгіннен бастап біз қазақтың ою-өрнектерімен таныса бастаймыз. Тек қана танысмаймыз, оларды дәптерлерімізге саламыз. Бүгінгі өң бірінші танысатын оюымыз – «Тарақ». Бұл ою кілемшенің әр жерлеріне түсуі мүмкін. Бояу түрлерін де өздерің әр түрлі түске бояуларыңа болады.



Білесің бе?

Ою-өрнектер өнердің ең ертедегі түріне жатады. Қазақ оюларының ерте дәуірлердегі үлгілері археологтар жүргізген қазбалардан табылған қыш құмыралар суреттерінде кездеседі. Қыш құмыралардағы өрнектер жай сурет қана емес, қауіп-қатерден сақтайтын тұмар қызметін атқарған. Оларды алғашқы жазу үлгілерінің бастамасы деуге болады.

Ежелгі ою-өрнек суреттері бізге өз тарихымызды танып білуге көмектеседі.

Сұрақтар:

- Құрманғазы өмір бойы не үшін күресті?
- Қандай саясатқа қарсы тұрды?
- Сол үшін Құрманғазыны патша солдаттары не істемек болды?
- Құрманғазыны патша жендеттері алып бара жатқанда кімге арнап күй шығарды?
- Құрманғазы күйінің атын қалай атайды?
- Домбыра не деп сөйлейді?

Тапсырма:

1. Балалар, суретке қарап, «Келіншек» күйінің бастапқы буынын қайтала.



↓ ↑↓ ↑↓ ↑↓



↓



2. Дөңгөсүнө «Тарақ» оюун салып, әр түрлі түске боя.

«Қайран шешем»

Құрманғазының анасы домбыраның не деп сөйлегенін түсініп тұрды?



Күй біткеннен кейін шешесі Құрманғазыға қараса, оның көзінен бір тамшы жас шығып кетеді. Сонда шешесі Құрманғазыға: «Мен ұл таптым, ер жігіт тудым деп қуанып жүрсем, жасық неме екен ғой туғаным. Сен кімнің алдында көз жасыңды көрсетіп тұрсың? Егер сен мына солдаттардың алдында жасыңды көрсетсең, менің күнім қандай болмақ. Неге оны ойламайсың? Көтер басыңды!» – деп шапалақпен бетінен тартып жібереді. Сонда ғана Құрманғазы есін жиып алып: «Ай, қайран менің шешемдей адам бұл дүниеде жоқ шығар! Маған қайрат, жігер беретін де, өмірде қайыспай күресерде қуат беретін де, осы менің анамның тілегі емес пе?» – деп, сол жерде

шешесіне жігермен қарап, қоштасып, «Қайран шешем» деп күй тартқан екен.)

Балалар, егер сендер де күйді мұқият тыңдасандар, домбыра «Қайран шешем, қайран шешем» деп сөйлеп тұрады.

Ою сал! «Тұмарша» –



Бүгін біз «Тұмарша» атты оюмен танысамыз. Бұл ою кілемшенің жиегіне түседі. Сондықтан мұны «шет ою» деп атайды. Тұмаршаның әрбір бөлігін (бояу қарындаштарымен) әр түрлі түске бояуға болады.



Білесің бе?

Балақай, сен байқаған боларсың, көптеген күйлер сөйлеп тұрады. Домбыраны сөйлету үшін сөздегі буын саны мен әуеннің дыбыс саны бірдей болуы керек. Сөздегідей дыбыс ырғағы біресе жоғары, біресе төмен өзгеріп отырады. Сөз бен әуен тұтасып кетеді.

Ойлан да айт!

Құрманғазы анасынан қандай өмірлік сабақ алды?

Есіңде ме?

Бірінші сыныпта тыңдаған қандай күйлерде домбыра сөйлеп тұратын еді?

Сұрақтар:

- Құрманғазы не себепті көзіне жас алады?
- Шешесі қалай жігерлендірді?
- Сол кезде Құрманғазы шешесі туралы не деді?
- Құрманғазы шешесіне қандай күй арнайды?
- Күйдің аты қалай аталады?
- Домбыра не деп сөйлеп тұрады?

Тапсырма:

1. «Келіншек» күйінің үйренген буындарын қайтала.
2. Суреттегі кілемшелерден тарақ және тұмарша оюларын тап.

«Арба соққан»



Патша солдаттары Құрманғазыны ағаш арбаға отырғызып, Орынбор түрмесіне айдап әкетіп бара жатады. Құрманғазы жолда көп ойланып, көп толғанады. Өзінің қайрат пен жігер беретін ер жүрек анасын ойлайды. Өзінің ел-жұртының, халқының болашағы үшін қайғырады. Сөйтіп Құрманғазыны ұзақ сапар, әрі бұрын-соңды отырып көрмеген ағаш арба соғып тастайды. Бірақ оған патша солдаттары қарасын ба, Құрманғазының тезірек түрмеге жеткізу үшін күндіз-түні тоқтамастан жүріп отырады. Сөйтіп шаршап, жол азабын тартып келе жатқан Құрманғазының ойына бір әуен оралады. Солқисап етіп бір қалыпты келе жатқан арбаның жүрісінің ызаланып, оның дыбысына арнап бір күй шығарады. Күйдің атын «Арба соққан» деп атайды.



Балалар, егер күйді мұқият тындап отырсаңдар, бір қалыпты жүріп келе жатқан арбаның дыбысын анық елестетуге болады.

Ою сал! «Тышқан із» – <<<<<<<

«Тышқан із» оюы көбінесе басқұрларда кездеседі. Сонымен қатар «Тышқан із» оюымен аяққапты да әшекейлеген. Суретке қарап, «Тышқан із» оюын тап!



Түсініп ал!

Басқұр – өрнектеліп тоқылған жалпақ бау.

Аяққап – ыдыс-аяқ салатын дорба.

Біліп ал!

Құрманғазы Сағырбайұлы 1818 жылы қазіргі Атырау облысында дүниеге келген. Сағырбай ауқатты адам болмағандықтан, Құрманғазы жастайынан байдың малын бақты. Бір күні Сағырбайдың үйіне атақты қарт күйші Ұзақ келеді. Ұзақтың күйін тыңдауға бүкіл ауыл жиналады. Ұзақ Құрманғазыға домбыра тарттырады. Құрманғазының талабына риза болған Ұзақ батысын береді. Құрманғазы біраз уақыт Ұзаққа еріп жүріп, көптеген күйлер үйренеді. Ұзақ Құрманғазының алғашқы ұстазы болды.

Сұрақтар:

- Жолда келе жатып Құрманғазы әуелі кімді ойлайды және не үшін қынжылады?
- Құрманғазы не себепті жол азабын тартады?
- Құрманғазының ойына қандай әуен оралады?
- Ол күйдің атын не деп атайды?

Ойлан да айт!

Үйінде оюмен әшекейленген қандай заттар бар? Олар туралы айтып бер!

Тапсырма:

Домбырада үйренген «Келіншек» күйінің орта буынын жатта.

«Машина»

Арбаға отырғызған қалпы Құрманғазыны Орынбор түрмесіне алып келеді. Ол алғаш рет үлкен қаланы көреді. Қаланың у-шуы, өмір ырғағы оған ерекше әсер етеді. Әсіресе қазақтың кең даласынан кейін, ондағы қайнаған өмір, біріне-бірі жапсарласа салынған үйлер, көшелер, базарлар мен үлкенді-кішілі фабрикалар мүлде өзгерткіш көрінеді. Көшедегі жүрген машиналарды көріп, таңғалады. Сүйреген аты жоқ, өзінен-өзі гүрілдеп жүрген машиналарға қайран қалады. Осы кезде Құрманғазының тағы бір күйі дүниеге келеді. Оны Құрманғазы «Машина» деп атайды.

Балалар, күйді мұқият тыңдап отырсаңдар, гүрілдеп келе жатқан машинаның дыбысын анық естуге болады.

Білесің бе?

Құрманғазы алпыстан астам күй шығарған. Оның алғашқы күйлерінің бірі – «Кішкентай». Бұл күй Исатай Тайманов пен Махамбет Өтемісов көтерілісіне арналған күй. Құрманғазы сол көтеріліске қатысқысы келеді. Бірақ оған: «Сен әлі кішкентайсың, қолыңа қару алып, ел намысын қорғауға саған да кезек келер», – деп тастап кетеді.

Біліп ал!

Егер сен күйлерді мұқият тыңдасаң, байқаған боларсың, күйлер бір-біріне ұқсамайды! Күйлерді қағыстары арқылы ажыратуға болады. Күйлердегі қағыстарды ауыстыруға болмайды, өйткені күйші әрбір күйге сәйкес қағыстар ойлап шығарған.

Сұрақтар:

- Орынбор қаласына келгенде Құрманғазы неге таңданды?
- Осы жерде Құрманғазы неге арнап күй шығарады?

- Ол күйдің атын қалай атайды?
- Ол күй нені бейнелейді?

Тапсырма:

1. «Келіншек» күйінің үйренген буындарын қайтала.

Ойлан да тап!

Құрманғазы өз заманында қай машинаны көруі мүмкін?



«Түрмеден қашқан»

Содан Құрманғазыны түрмеге апарып жабады. Бір күні түрме қарауылдарының бірі оған бір адам келіп тұрғанын хабарлайды. Соншама алыс жерге кім келуші еді деп, Құрманғазы аң-таң болады. Түрме қарауылдары Құрманғазыны жетектеп арнайы кездесетін бөлмеге алып келеді. Бөлмеге кірген Құрманғазының қуанышында шек болмайды. Өйткені келіп тұрған өзінің туған анасын көреді. Анасы ауылдан атқа мініп, Құрманғазыны арнайы іздеп келген екен. Анасы Құрманғазыға пісіріп әкелген қазы-қарта, құрт-ірімшіктерін береді. «Тамақты жора-жолдастарыңмен бірге жерсің, ал мына таба нанды саған арнайы пісірдім», – деп Құрманғазыға ыммен түсіндіреді. Шешесінің ымдағанын түсіне қойған Құрманғазы анасымен қоштасып, тамақтарын камераға алып келеді. Камераға келген Құрманғазы жолдастарымен тамақтарын бөлісіп, ал шешесі ымдаған нанды сындырып қараса, ішіне анасы темір кесетін болат ара салып жіберген екен. Анасының тапқырлығы мен ер жүректілігіне қайран қалады. Түрмеден қашудың жоспарын құрып болып, көңілденген Құрманғазы: «Осы оқиғаға да бір күй арнайыншы», – деп, қолына домбырасын алып, бір күй тартады. Күйдің атын «Түрмеден қашқан» деп қояды. Осы күйді Құрманғазы тартып отырғанда түрменің тұсынан бір чиновник өтіп бара жатады. Ол тұра қалып күйді басынан-аяғына дейін тыңдап, басын шайқап: «Мына қазақтың домбыра тартысы маған ұнамайды, қашып кетіп жүрмесін, мықты болыңдар!» – деп түрме бастығына айтып кетеді. Бірақ түрме бастығы: «Біздің түрмеден әлі ешкім қашып көрген емес, түрменің

торы қатты, аяғында кісен, бұлай болуы мүмкін емес», – деп, айтылған сөзге аса мән бермейді. Ал Құрманғазы болса, сол түні түрменің торын болат арамен кесіп, түрмеден қашып кетеді. Сондағы Құрманғазының тартқан «Түрмеден қашқан» күйін тыңдап көріндер.



Сұрақтар:

- Құрманғазыны түрмеге жапқаннан кейін кім іздеп келеді?
- Анасы Құрманғазыға не әкеліп береді?

- Құрманғазы қандай шешімге келеді және не істемек болады?
- Өзіне көңілі толған Құрманғазы қандай күй шығарады?
- Күйді тыңдаған чиновник нені сезіп қалады?
- Құрманғазы түрмеден қаша ма?

Ою сал! «Ботакөз» –



– Балалар! Бүгін біз «Ботагөз» атты оюмен таныса-мыз. «Ботагөз» оюын қазақтар жиі пайдаланған. Бұл ою сәндік, әдемілік үшін кілемшенің әр жерінде пайдаланылады. Оюды әр түрлі бояумен бояуға болады.



Білесің бе?

Қазақтар айналасындағы заттарды ою-өрнекпен әшекейлеген. Теріден, ағаштан, саздан, тастан жасалған заттарды өздеріне ғана тән оюмен әшекейлеп отырған. Киімге түсетін оюларды текеметке ешқашан салмаған. Әрбір оюдың мағынасы, өз атауы болған.

Ойлан да айт!

Қандай киімді оюмен әшекейлеуге болады?

Тапсырма:

1. «Келіншек» күйінің үйренген буындарын жатта.
2. «Еркем-ай» өнін қайтала.
3. Сен өз жастығыңды қандай оюмен әшекейлер едің?

«Кісен ашқан»

Құрманғазы сол түні түрмеден қашып шығады. Аяғында кісен. Қуғыншылар жетіп алмасын деп Құрманғазы аяғындағы кісеннің бір шетін қолына ұстап жүгіре жөнеледі. Бірақ аяғына батқан кісен Құрманғазыны тез жүргізбейді. Ол аз болғандай, темір кісен аяғын қажап кетеді. Аяғын сүйретіп, әлде де біраз жерге барғандай болады. Әбден дәрмені таусылған Құрманғазы бір тасалау жерге барып отырады. Баяғы анасы берген болат араны ұлтарағының астынан суырып алып, жалма-жан кісенді кесе бастайды. Кісенді кесіп анадай жерге лақ-




тырып жібереді. Аяғы босаған Құрманғазы: «Ойпырмай, тек қана мен емес, менің халқым да патша кісенінен қалай құтылар екен?!» – деп толғанып отырып, қолына домбырасын алып, бір күй шығарады. Күйдің атын «Кісен ашқан» деп қояды.

Күйді зейін қойып тыңдасаң, аяғына кісен батып, қиналып өрең келе жатқан адамның қимылын естисің.

Білесің бе?

Домбыра – қазақтың ең көне аспабы. Бұрынғы кезде домбыраны тұтас ағаштан ойып жасаған. Оның шанағы мен көлемі әр түрлі болған. Кейбір домбыралар сопақша болып келсе, кейбір домбыралар қалақша сияқты жасалған. Перне саны да әр түрлі болған: шығыс өңірінде перне саны 7-9 болса, батыста – 12-14. Домбыра ішектері қойдың ащы ішегінен жасалатын болған. Кейбір домбыраларды сүйекпен оюлап, әшекейлеп отырған.



Біліп ал!

Құрманғазы күйлері біздің заманға оның шәкірттері арқылы жетті.

Құрманғазының ең таңдаулы шәкірттерінің бірі – Дина Нұрпейісова. Дина Құрманғазының қасына тоғыз жыл еріп жүріп, күйлерін үйреніп, батасын алған. Дина – тек қана Құрманғазының күйлерін жеткізіп қана қоймай, өз жанынан көптеген күйлер шығарған халық композиторы.

Сұрақтар:

- Құрманғазы түрмеден қашып шыққаннан кейін қандай қиындық көреді?
- Ол аяғындағы кісенді шешкеннен кейін не ойлайды? Не үшін қайғырады?
- Елін, халқын ойлап отырып, қандай күй шығарады?

Тапсырма:

1. «Келіншек» күйінің буындарын жатта.
2. Білетін оюларыңмен кілемше жаса.
3. Оюмен әшекейленген домбыраны көрдің бе? Ол кімнің домбырасы еді?

«Қызыл қайың»

Аяғындағы кісеннен құтылған Құрманғазы біраз тыныққысы келеді. Бірақ патша солдаттарының қуып келе жатқан дыбысын естиді. Құрманғазы әрі қарай жүруге бет алады. Бірақ әбден шаршап, қалжыраған Құрманғазының алысқа қашып кетуге мұршасы болмай қалады. Сол кезде далада өсіп тұрған қызыл қайың ағашты көзі шалады. Қызыл қайыңға жеткен Құрманғазы жалмажан ағашқа өрмелеп шығып, ағаштың бұтасын жамылып, жасырынып қалады. Қуғыншылар Құрманғазыны көрмей, қызыл қайың ағаштың жанынан өте шығады. Қуғыншылардың қарасы көрінбей кеткен кезде Құрманғазы ағаштың басынан жерге түсіп: «Менің елім де, жерім де, ағашым да – пана. Мына тұрған қызыл қайың анадай болып қойнын ашып, жапырағын жауып, мені жаудан жасырды-ау. Осы қайыңға мен бір күй арнайыншы», –



деп Құрманғазы қолына домбырасын алып, күй шығарады. Ел арасында бұл күй «Қызыл қайың» аталып кетеді.

Ал енді, балалар, осы күйді тыңдап көріңдер. Күйде соққан желмен ырғалып тұрған қызыл қайың ағаштың бейнесі анық суреттелген.

Біліп ал!

Ұлы күйші Құрманғазы 1889 жылы қайтыс болады. Құрманғазы бейіті қазіргі Ресейдің Астрахан облысының Құрманғазы ауданында орналасқан. Құрманғазы есімін болашаққа қалдыру үшін оның атымен көптеген аудандар, ауылдар, көшелер, оқу орындары аталады. Құрманғазының «Сарыарқа» күйі қазақ халқының Отан деген ұғымымен ұштасып кетті. Сондықтан қазақтың ең алғашқы Ұлт аспаптар оркестріне де Құрманғазы есімі берілді.



Сұрақтар:

- Құрманғазыны кімдер қуды?
- Құрманғазы қуғыншылардан қалай құтылады?
- Патша солдаттарынан құтылғаннан кейін Құрманғазыға қандай ой келеді?
- Құрманғазы осы оқиғаға арнап қандай күй шығарды?

Ойлан да айт!

Не себептен театр, оркестр, университет, мектеп, консерватория ұлы адамдардың атымен аталады?

Тапсырма:

1. «Келіншек» күйінің буындарын жатта.

«Бұқтым-бұқтым»

Түрмеден қашқан Құрманғазы қуғыншылардан құтылып, өз аулына қарай жүреді. Жолшыбай кездескен ауыл адамдары мұның Құрманғазы екенін білген бойда сый-сияпат көрсетіп, астына ат-көлік беріп, қошеметтеп шығарып салып отырады. Арада бірнеше күн өтеді. Ақыры Құрманғазы өз аулына келіп жетеді. Үйіне келсе, жылап отырған жалғыз шешесін көреді. Құрманғазы шешесінен мән-жайды сұрайды. Құрманғазыны ұстай алмаған патша солдаттары оның әйелі мен кішкентай баласын қашып кеткен күйеуінің орнына деп алып кеткенін өстиді. Құрманғазыны осылайша қолға түсірмекші еді.



Құрманғазы бір атты ерттеп мініп, бір атты жетекке алып, кеткен солдаттардың соңынан қуа жөнеледі. Олардың жолда төрт күн түнейтінін есептеп, өзі төтелеп жүріп кетеді. Үш күн өткеннен кейін Құрманғазы солдаттардың соңынан қуып жетеді. Сай-жыраны қуалап, бұғып-бұғып барып, солдаттардың қонып жатқан жерінің үстінен шығады. Солдаттардың әбден ұйқыға кеткенін аңдып, қос атты бір жыраға байлап, өзі жаяулап, жырамен бұғып, солдаттарға келеді. Олар мылтықтарын біріне-бірін сүйеп қойып, ұйықтап жатыр. Құрманғазының әйелі баласын қолына алып, шеткері жақта отыр екен. Құрманғазы ақырын ысқырып, белгі береді. Құрманғазының белгісін таныған әйелі ақырын тұрып, қара шапанын бүркеніп, Құрманғазыға келеді. Құрманғазы әйелінің аттарын қалдырған жаққа жібереді. Ал өзі болса ақырып барып, солдаттардың бір мылтығын алып, аттарына келеді. Сөйтіп, әйелі мен баласын ауылына алып қайтады.

Солдаттар таңертең оянып, Құрманғазының әйелі мен баласын іздейді. Таба алмаған соң, қолдарын бір сілтеп кете береді. Орынборға келіп бастықтарына: «Құрманғазының әйелі мен баласы далада қонып жатқанда, қашып кетемін деп, қасқырларға жем болды», – деп мәлімдейді. Мылтықты бұл оқиғаға араластыруға қорқып, «түнде қасқырлармен арпалысамыз деп жүргенде, суға түсіріп алдық», – дейді. Ал Құрманғазы болса, аман-есен аулына келеді. Бұл оқиғаға Құрманғазы бір күй арнайды. Күйдің атын «Бұқтым-бұқтым» деп қояды. Күйді назар салып тыңдап отырғандар, домбыра «Бұқтым-бұқтым, сайда бұқтым, жырада бұқтым, сайда бұқтым» деп сөйлеп отырады.

Сұрақтар:

- Түрмеден қашып шыққан Құрманғазы қайда келеді?
- Құрманғазы шешесінен қандай хабар естиді?
- Әйелі мен баласын кімдер ұстап алып кеткен екен?
- Құрманғазы не істемекші болады?
- Солдаттар патшаға не деп мәлімдеді?
- Осы оқиғаға Құрманғазы қандай күй арнайды?

Ойлан да айт!

Қалай ойлайсың, Құрманғазы дұрыс істеді ме? Сен қалай істер едің?

Тапсырма:

1. «Еркем-ай» әнін қайтала.
2. «Келіншек» күйінің үйренген буындарын қайтала.

Ойлан да тап!

Суретке қарап, Құрманғазының күйлерін ата.





Өз біліміңді тексер!

1. Құрманғазының ұстазы кім еді?
2. Құрманғазы қанша күй шығарды?
3. Қандай домбыраның түрлерін білесің?
4. Ою-өрнектер адам өмірінде қандай қызмет атқарған?
5. Оюдың қандай түрлерін білесің?
6. «Шет ою» дегеніміз не?
7. Құрманғазының қандай күйі саған аса қатты ұнады?
8. Қалай ойлайсың, «Келіншек» күйі кімге арналған?

Штоқсан КҮЙ ҚАШАН ПАЙДА БОЛДЫ?



Қазақтар қобыз аспабын қастерлі, киелі санаған.

Адамдарды емдеген кезде бақсылар қобыз аспабы пайдаланған. Оның сиқырлы үніне сенген. Жер бетінде күйдің пайда болуын да қобыз аспабымен байланыстырады.

Қорқыт туралы аңыз (I бөлім)

Ең алғаш қобыз аспабын жасап, оның қос ішегінен күдіретті күй тартқан адам – Қорқыт ата. Ал Қорқыт атаның дүниеге келіп, өлімге қарсы күрескендігі туралы ел арасында мынадай әңгіме бар:

«Қорқыт дүниеге келерде бүкіл табиғат астан-кестен болады. Аспанды қара бұлт торлап, күн күркіреп, найзағай ойнап, дауыл соғады. Содан Қорқыт дүниеге келгенде бала сияқты емес, бітеу қап болып келеді. Жұрт қорқып, далаға қаша жөнеледі. Үйде жалғыз қалған шешесі өлгі қапты ашып жібереді. Сол кезде ғана шыр еткен баланың даусы естіледі. Бала даусын естіген адамдар қуанып, қайтадан үйге кіреді.

Бұл туралы халық арасында мынадай сөз қалған:


– Қорқыт туған кезінде
Қара аспанда су болған,
Қара жерді құм алған,
Ол туарда ел қорқып,
Туғаннан соң қуанған!

Қорқыттың шыр еткен даусы естілгеннен кейін, дауыл тынып, бұлт ыдырап, күн шығып, табиғат тынышталып барады. Жұрт: «Бұл бізді қорқытып, дүниеге келген бала болды, есімі Қорқыт болсын!» – деп, құлағына үш рет айқайлап, атын Қорқыт қояды. Содан ол ауыл балаларымен бірге асыр салып, ойнап, ер жетіп, өсе берді.

Қорқыт жиырма жасқа келгенде ұйықтап жатып, бір сус көреді. Түсінде ақ сақалы беліне түскен, ақ таяғы көк іреген бір әулие қарт келіп: «Уа, Қорқыт, сен бұл дүниеге тек қана қырық жыл өмір сүресің», – дейді. Қорқыт

пошып оянады. Өңі ме, түсі ме, түсінбей қалады. Тек жүрегін қорқыныш үрей билейді. Қырыққа келгенше әлгі өулиенің сөзі құлағынан кетпей қояды. Бір күні Қорқыт Желмаясына мініп, дала кезіп келе жатады. Содан бір жап-жасыл тоғайдың шетіне келеді. Тоғай шетінде жайылып жүрген қойларды көреді. Жақындап келіп қараса, әлгі қойлар қойтасқа айналып кетеді. Бұған аң-таң болып қарап тұрғанда, құлағына бір тысыр естіледі. Бұрылып қараса, анадай жерде бір бала жер қазып жатыр екен. Сонда Қорқыт:

– Ей, бала, не қазып жатырсың? – дейді. Сонда әлгі бала бұрылып, Қорқытқа қарайды. Баланың өткір көзі Қорқыттың өңменінен өтіп кетеді.



- Көр қазып жатырмын, – дейді бала.
- Кімге?
- Саған.


Қорқыт шошып кетеді. Бала әрі қарай жерді қаза береді. Қорқыт басын көтеріп, ағаш басындағы құстарға қараса, олар топырлап, тасқа айналып, домалап, жерге құлай береді. Ал ағаштың жапырағы қурап кете береді. Тоғай арасынан бір сұр жылан шығып, ысылдап, Қорқытқа беттейді. Шағып өлтірмекші болады. Сонда Қорқыт Желмаясына отырып, шауып кетеді».

Ойлан да айт!

Қалай ойлайсың, не себепті құстар мен қойлар тасқа айналып, ал өсіп тұрған ағаш қурап кетеді?

Ою сал! «Балдақ» – 

«Балдақ» шет оюға жатады. Көбінесе балдақ оюымен кілемшенің шеті көмкеріледі. Бұл ою кілемшелерде жиі кездеседі. Балдақ оюын әр түрлі бояулармен бояуға болады.



Сұрақтар:

– Сонымен, балалар, не себепті Қорқыттың есімін «Қорқыт» деп атаған?

- Қорқыттың түсінде кім аян береді?
- Қорқытқа қанша жыл өмір сүресің дейді?
- Қорқыт қай жерге келеді?
- Ол кімді көреді?
- Қорқыт балаға не дейді?
- Бала не деп жауап береді?

Тапсырма:

1. «Қорқыт туралы аңызды» ата-анаңа айтып бер.
2. Қорқыт аңызына байланысты сурет сал.
3. «Келіншек» күйінің саға буынын үйрен.

Қорқыт туралы аңыз (II бөлім)

«Баланың сөзінен қорыққан Қорқыт Желмаясына мініп, шаба жөнеледі.

Сонда қасиетті Желмая шөл даланың, тау мен құздардың, өзен мен көлдердің үстінен құстай ұшып отырып, жердің екінші шетіне келеді. Шексіз мұхиттың жағалауы өкен. Елсіз мекен. Желмаясынан түсіп, теңіздің суымен беті-қолын жуып, тыныққандай болды. Бір кезде құлағына бір тысыр естілді, неткен тысыр деп соған қарай жүреді. Келсе, бір жігіт жер қазып жатыр екен. Қорқыт оған жақындап келіп:

– Жігіт, не істеп жатырсың? – деді. Әлгі жігіт бұрылып, Қорқытқа қарайды. Қорқыт әлгі жігіттің көзінен таныды. Ол баяғы көрген бала екен. Сонда әлгі жігіт:

– Көр қазып жатырмын, – деді.



– Кімге? – деп сұрады Қорқыт.

– Қорқыт, саған көр қазып жатырмын, – деді жігіт.

Қорқыт қараса, көр бұрынғыдан тереңірек қазылып жанындағы төмпешік үлкейіп қалған екен. Сонда Қорқыт қорқып кетіп, жүгіріп келіп, Желмаясына секіріп мініп: «Шу, жануар», – деп шаба жөнеледі. Желмая иең дала мен шөлдің үстімен, қалың қамыс пен ну орман үстінен алып ұшып, кетіп бара жатады.

Қанша жүргенін кім білсін, ақыры жердің тағы бір шетіне келді. Айналасында сықырлаған қар мен жалтылдаған мұздан басқа ештеңе жоқ. Адам аяғы баспайтын қарлы құла тұз. Желмая да, Қорқыт та өбден шаршаған. Бір кезде мұз арасынан ағараңдаған бірдеңе көреді. Құлағына бір тысыр естіледі. Қорқыт Желмаясынан түсіп



тысыр шыққан жерге келеді. Келсе, ересек бір адам мү ойып жатыр екен. Қорқыт әлгі адамның қасына келеді.

– А, Қорқыт, келдің бе? Кішкене қалды, тоқтай тұр тіледен төмен қазсам, болды, – деп, басын көтеріп Қорқытқа қарайды. Қараса, баяғы баланың көзі. Зәрес ұшқан Қорқыт Желмаясына мініп, тағы да қаша жөнелді.

Желмая құстай шауып отырып, небір тау мен тастың орман мен көлдің, шөл дала мен тақырдың үстінен өтті. Қанша жүргенін кім білсін, ақыры жердің төртінші шетін көлді. Әбден шаршаған Қорқыт Желмаясынан түсіп, жан жағына қарады. Ешкім көрінбейді, баяғы дыбыс та жоқ. Баяғы тысырдан құтылдым ба деп, жүрегін қуаныш биледі. Бір кезде Қорқыт жанына қараса, терең көр жатыр, ішінен сақал-мұрты ағарған бір шал шықты да:



– Е, Қорқыт, келдің бе, өлімнен құтыла алмайтыныңды білген шығарсың. Жетер сонша қашқаның. Көрің дайын. Кел, жат, – деді.

Сол кезде әбден шаршап қалжыраған Қорқытты Желмаяға мінуге шамасы келмей қалады. «Тәңірім, бұ өлімнен құтылатын амал бар ма?» – деп, Қорқыт сол жерде есінен танып, құлап түседі. Сол жатқанында түс көреді. Түсінде ақ сақалы беліне түскен, ақ таяғы көк тіреген баяғы әулие қарт келеді. «Е, Қорқыт, өлімнен құтылудың амалын іздеп жүрсің бе? Өлімнен құтылудың бір-а жолы бар. Өлімнен тек күй арқылы құтыласың. Ол үшін сен аспап жаса. Аспабың нар атанның жілігіндей болсын, шанағы бақырдай болсын, ішегі бесті аттың құйрығынан болсын, аспабыңның атын қобыз қой. Өлімге араш болатын тек қана сол қобыз», – дейді.

Ою сал! «Балдақ» (2-ші түрі) –



«Балдақтың» бұл түрін көбінесе шет оюға пайдаланады. Басқа оюлармен бірлесе отырып, кілемшенің ортасында да кездеседі. «Балдақ» оюларын әсіресе шым шид көп кездестіруге болады.



Түсініп ал!

Шым ши – түрлі түске боялған қой жүнін шиге орау арқылы өріктеп тоқылған ши.

Ойлан да айт!

Не себепті домбыра мен қобыздың үні әр түрлі?

Сұрақтар:

- Қорқыт жердің қанша шетіне барды?
- Қорқыт онда кімдерді көреді? Олар не істеп жатады?
- Қорқыт қандай жануарға мініп жүреді?
- Қорқытқа кім аян берді?
- Қорқытқа өлімнен қалай құтылуға болады дейді?
- Не себептен қазақтар «Қайда барсан да, Қорқыттың көрі» дейді?

Тапсырма:

1. «Қорқыт туралы аңыздың» екінші бөлімін ата-анаңа айтып бер.
2. Домбырадан «Келіншек» күйінің үйренген буындарын жатта.
3. Ою салу: «Балдақ» пен «Ботакөз» оюларын пайдаланып, өз нәмішенді жасап әкел.

«Қорқыт» күйі (III бөлім)

«Содан ақ сакалы беліне түскен, ақ таяғы көк тірегі өулие қарт: «Тұр, жатпа!» – дейді. Қорқыт шошып ояныпты. Жалма-жан қасиетті тау басында өсіп тұрған киелі қарағайды шауып алып, аспап жасауға кіріседі. Аспабының биіктігін алты жасар нар атанның жілігінде кылып ояды. Қасиетті тау басындағы ортекенің мүйізін тиек жасайды. Желмаясын сойып, терісін қобызына кылып қаптайды. Үстіне адам мінбеген бесті атты құйрығынан ішек жасап, қобызын қолына алып Қорқыт:



– Қарағайдың түбінен
Қайырып алған қобызым,
Үйеңкінің түбінен
Үйіріп алған қобызым,
Желмаяның терісін
Шанақ қылған қобызым,
Ортекенің мүйізін
Тиек қылған қобызым,
Бесті айғырдың күйрығын
Ішек қылған қобызым,
Құлағын да бұрайын,
Осы айтқаным болмаса,
Қайырып жерге ұрайын, –

дейді.

Сонда қобызы сарнап қоя береді. «Жердің дәл ортасы – кіндігі Сырдарияның үсті екен», – деп ойлайды Қорқыт. Суға салса батпайтын, шірімейтін, Желмаясының үстіне жауып жүрген кілемін Сырдарияның бетіне жайып жібереді. Соның үстіне отырып, қобызын тартады. «Дарияның ортасында ешкім көр қаза алмас», – деп Қорқыт қобызын сарнатып, ойнай бастайды. Сонда бүкіл жүгірген аң, ұшқан құс – бәрі дарияның жағасына жанырлап келіп, Қорқыттың қобызының үнін тыңдаған өнен. Қорқыт қобызын күні-түні боздатып тарта береді. Өлімнің өзі де Қорқытқа жақындай алмайды». Сондағы Қорқыттың тартқан күйі мынау екен.

Ілесің бе?

Қорқыт күйлері көптеген ғасырлар бойы атадан балаға жалғасып, бізге жетті. Қорқыт күйлерін бізге жеткізген Жаппас Қаламбаев пен Дәулет Мықтыбаев еді. Бұл күйлер оларға атақты қобызшы Ықылас арқылы келген еді. Ықылас – тек

қана Қорқыт күйлерін орындап қоймай, өз жанынан да көптеген күйлер шығарған композитор.



Сұрақтар:

- Сонымен Қорқыттың түсіне кірген өулие қарт не деді?
- Қорқыт қобызды қалай жасайды?
- Тиегі ненің мүйізі?
- Ішегі ненің қылы?
- Шанағы ненің терісі?
- Не себепті Қорқыт Сырдарияның үстінде күй тартады?
- Қорқыт күй тартқанда қандай ғажайып құбылыстар болды?
- Қорқыттың тартқан күйі қандай?

Ойлан да айт!

Не себепті Қорқыт жердің төрт бұрышына барады?

Тапсырма:

1. Бүгінгі тыңдаған аңызды ата-анаңа айтып бер.
2. Осы аңызға байланысты бір сурет салып әкел.
3. Домбырадан «Келіншек» күйінің үйренген буындарын жатта.

Қорқыттың күйі «Ұшардың ұлуы»

Балалар, бүгін біз Қорқыт атаның тағы бір күйімен танысамыз. Ол күйдің аты – «Ұшардың ұлуы».

«Бұрынғы өткен заманда бір жесір кемпірдің жалғыз ұлы болыпты. Ол жігіт ит жүгіртіп, құс салып жүретін аңшы екен. Оның Ұшар деген тазысы болады. Күндердің бір күнінде кемпірдің ұлы тосын дертке шалдығып, дүние салады. Сол кездегі елдің әдет-ғұрпы бойынша өлікті жерлегеннен кейін, жұрт қоныс жаңартып, басқа жерге көшеді екен. Басқа орынға көшкеннен соң, жесір кемпір: «Жалғызымның көзі ғой», – деп, тазысын іздейді. Ит жоқ болып шығады. Сонда кемпір тазысын іздеп, әрі-бері шақырады. Ауыл маңайынан таба алмаған соң, ескі жұртқа қайта барары бар. Келсе, Ұшар баласының моласының басында аспанға қарап ұлып отыр екен. Ұшардың даусын естіген ана:



– Жалғызымнан айрылдым,
Қанатымнан қайрылдым!
Ұшар, Ұшар, кө, кө, –

деп, дауыс қойып жылап қоя береді. Кең далада жалғызынан айрылған ана мен иесінен айрылған тазы – бір зарланып, даланы күңіренеді. Бұл қайғылы оқиғаны куәсі болған Қорқыт «Ұшардың ұлуы» деп күй тіліне салған екен. Ал енді осы күйді тыңдап көріңдер. Егер зейін қойып тыңдасандар, қобыз тілінен ұлыған Ұшардың үні естуге болады. Сонымен қатар қобыз: «Жалғызымнан айрылдым, қанатымнан қайрылдым» және «Ұшар, ұшар кө, кө», – деп сөйлеп тұрады. Қобыз ішегі «Жалғызым ай» деп күңіренеді.

Білесің бе?

Қорқыттың «Ұшардың ұлуы», «Башпай» сияқты көптеген күйлері бізге Нышан Шаменұлы арқылы жетті. Жастайынан өке-шешесінен жетім қалған Нышан шешек ауруынан кейін екі көзінен де айрылады. Нышанның бүкіл жұбанышы қобыз болды. Атақты қобызшы әрі бақсы Есеқай мен Адасқанды іздеп барып, олардан бата алады. Нышан 1979 жылы 96 жасында дүние салды.



Ою сал! «Қошқар мүйіз» –



«Қошқар мүйіз» – ең көп пайдаланылатын ою түрі. Вұл оюды текемет пен сырмақтың ортасында да, шетінде де жиі қолданған.



Түсініп ал!

Текемет – киізден басып жасалған жерге төсейтін бұйым.

Сырмақ – киізден сырып жасалған жерге төсейтін бұйым.

Ойлан да айт!

Не себепті Ұшар иесінің моласына қашып кетеді?
Не себепті итті жеті қазынаның бірі дейді?

Сұрақтар:

- Бүгінгі тындаған күйіміздің аты не?
- Ұшар неге ұлыды?
- Не себепті ауыл басқа жерге көшті?
- Кемпір Ұшарды қай жерден тапты?
- Кемпір Ұшарды қалай шақырады?
- Баласын не деп жоқтап дауыстайды?
- Қобыз үні не деп тұр?

Тапсырма:

1. «Ұшардың ұлуы» атты күйдің аңызын ата-анаңа айтып бер.
2. Күй аңызына байланысты бір сурет сал.
3. «Келіншек» күйінің үйренген буындарын қайтала.
4. Өзіңнің мектебінде, оқып жүрген сыныбыңда ою-өрнектерді көрдің бе?
5. Нағыз сырмақ пен текеметті көрдің бе? Олар туралы айтып бер.


Қорқыттың күйі «Башпай»

Балалар, бүгін біз Қорқыттың ең соңғы тартқан «Башпай» атты күйімен танысамыз. Қорқыт өлімнен қашып, Сырдарияның бетіне кілемін жайып, қобызын сарнатып отырған екен. Қарындасы Ақтамақ Қорқытқа тамақ апарып беріп тұрады екен. Күні-түні күй тартып, өліммен алысады. Күй тартып шаршаған Қорқыт бірде қарындамының әкелген тамағын ішіп, маужырап қалғып кетеді. Үдіксіз сарнаған қобыз үні бір сәт тоқтайды. Ал қарындасы Қорқыттың оянуын күтіп отырады. Сол сәтте қобыз үнінің тоқтағанын пайдаланып, тамақ салған қоржынның ішінде сұр жылан болып, ілесіп келген ажал Қорқытты шағып алады. Жыланның уы бойына жайылып, өлсірей бастайды. Қорқыттың жанына жан алғыш Оаірейіл келіп: «Қандай соңғы тілегің бар, айт!» – дейді. Сонда Қорқыт: «Менің өмірімде екі күнәм бар. Бірі – қырық жыл бойы өлімнен қашқаным. Ақыры сенің



қолыңа қапыда түскенім. Екіншісі – дарияның бетінде кілем жайып отырғанда, дауыл соғып, башпайым қарындасыма тиіп кетіп еді, кешірмейтін күнәм – осы. Сол себепті мені жерлегенде, екі башпайымды көмбей, ашық қалдырындар және өмір бойы серік болған қара қобызымды бейіттің үстіне қойындар», – дейді. Қарындасы ағасының тірі қалмасын сезіп, өлімге қимай: «Ағатайым алтыным, ағатайым, алтыным, аға, аға, алтыным-ай», – деп еңіреп қоя береді. Сонда Қорқыт қарындасына: «Жылама, қалқам, жылама, жылағанмен бола ма? Өлімнің өз сұр жылан, жалмайды түбі, қоя ма?» – деп жұбатады. Өзірейіл Қорқыттың жанын алады да, өзі айтқандай, оны жерлегенде екі башпайын ашық қалдырып, қобызын бейітінің үстіне қойыпты. Содан көптеген жылдар бойы Қорқыттың қобызы өзінен-өзі «Қорқыт, Қорқыт» деп күңіреніп тұратын көрінеді.

Балалар, қобызды мұқият тыңдап отырсаңдар, аспан үнінен Қорқыттың және қарындасының айтқан сөздері ести аласыңдар.

Ою сал! «Түйетабан» – 

«Түйетабан» оюын ағаштан және теріден жасалған бұйымдарда көп пайдаланған. Бұл әдемі оюмен кебеже мен торсықты әшекейлеген.



Түсініп ал!


Кебеже – ағаштан жасалған жүк салатын сандық.

Торсық – малдың терісінен жасалған қымыз немесе айран құятын ыдыс.

Біліп ал!

Қорқыт ата бейіті Сырдария өзенінің жағасында орналасқан. Қазақтар осы жерді киелі деп санайды. Көптеген адамдар бейіттің басына келіп, түнеген. XIX ғасырдың аяғында Сырдария арнасынан асқан кезде, бейітті су шайып кетеді.

Қорқыттың бейіті суға шыдамай құлайды. Бірақ бұзылғанына карамай, көптеген жылдар бойы адамдар бейіттің басына келе берген.



Бек Ыбраев Қорқыт атаға жаңа ескерткіш тұрғызды. Ескерткіш дүниенің төрт бұрышына қарап тұрған төрт қобызды біріктіру арқылы жасалған. Қобыздың жоғарғы жағына темір құбырлар орнатылған. Жел соққанда құбырлардан қобыз үніне ұқсас дауыс естіледі. Ескерткіштің қасында тұрғанда, жер астынан қобыздың үні

естілгендей әсер береді. Міне, Қорқыт атаға осындай ғажап ескерткіш орнатылған.



Сұрақтар:

- Қорқыттың ең соңғы шығарған күйі қай күй?
- Күй не себепті «Башпай» аталды?
- Қарындасының аты кім еді?
- Өлім не болып келді? Немен келді?
- Өлім қай сәтті пайдаланды?
- Қарындасы не деп өңіреді?
- Ал Қорқыт оған не деп басу айтты?
- Қорқыттың қобызын қайда қойды?

Тапсырма:

1. Ата-анаңа «Башпай» күйінің аңызын айтып бер.
2. Қошқар мүйіз оюын пайдаланып, өз кілемшеңді жаса.
3. Домбырадан «Келіншек» күйінің үйренген буындарын қайтала.

Өз біліміңді тексер!

1. Қобызды алғаш жасаған кім?
2. Қорқыт атаға ескерткіш орнатқан архитектордың атын ата.
3. Қорқыттың бейіті қайда тұр?
4. Қорқыттың қандай күйі есінде қалды?
5. Қорқыт күйлерін сақтап, жеткізген орындаушылар кімдер?
6. Шет ою аттарын ата. Шет оюдың қай түрі саған аса қатты ұнады?
7. Басқұрда оюдың қай түрін пайдаланған?
8. Текемет пен сырмақта оюдың қай түрі жиі кездеседі?

Ою түрлерін ата.



Ойлан да тап!

Суретке карап, күйлердің атын ата.



ҚОРҚЫТ



Ш тоқсан

ТАҒДЫРҒА АЙНАЛҒАН ДОМБЫРА

Домбыра – күйшінің жан серігі



Халық композиторы Қазанғап

«Көкіл»

Қазақтың белгілі композиторы Қазанғап ХІХ ғасырда өмір сүрген. Бірде Қазанғап астық алып қайтпақшы болып теңізге қарай, сауда керуеніне ілесіп жолға шығады. «Қарақамыс» аулының тұсынан өтіп бара жатып, тігулі тұрған ақ ордалы ауылды көреді. Сонда Қазанғап қасындағы серіктерінен:

– Япырмай, мынау неткен керемет ауыл! Бұл кімнің аулы болды екен, – деп сұрайды.

Сонда қасындағы серіктері:

– Оу, Қазанғап, білмедің бе, бұл атақты Үсен төренің аулы ғой, – дейді.

Сонда Қазанғап:

– Жоқ, мен атағын көп естісем де, өзімен кездесіп, танысқан адам емеспін. Сендер жүре беріндер, мен Үсен төренің аулына барып, төреге сәлем беріп, танысып қайтайын. Қазақта «Аруақ аттаған оңбайды» деуші еді. Үсен төре де аруақты тектінің бірі ғой, – деп Қазанғап ат басын бұрып, Үсен төренің аулына келіп, оның үйіне түседі. Сөйтсе, Үсен төре үйінде жоқ екен. Бірақ Үсен төренің келіні Қазанғаптың алдынан сәлем беріп, құрметтеп қар-



сы алады. Бір кезде Қазанғаптың көзі керегенің басында ілулі тұрған Үсен төренің домбырасына түседі. Күміспен әшекейлеп, сүйекпен өрнектеп қойған әсем домбыра екен. Үсен төренің домбырасына қызыққан Қазанғап:

– Қарағым, осы төренің домбырасын бір шертіп көрсек қалай болар екен? Мұндай әдемі домбыраны бұрын-соңды көрген емеспін, үні қандай екен? – дейді. Үсен төренің келіні:

– Қой, айтпаңыз, ағекем домбырасын сіз түгіл, бізге де ұстата бермейді. Басымыз бөлеге қалар, – дейді. Сонда Қазанғап:

– Мен бір құдайы қонақ едім. Ең болмаса төренің өнері бізге жұғысты болсын, домбыраны бір ұстап, орнына қоя салсақ қайтеді? – дейді.



Қазанғап қоярда-қоймай сұраған соң келіні:

– Жарайды онда, тек қана тез қолыңызға ұстап, қайтып бере қойыңыз, – деп Үсен төренің домбырасын алып, Қазанғапқа береді.

Қазанғап домбыраны алған кезде сырттан Үсен төре кіріп келеді. Домбырасын ұстап отырған бейтаныс адамды көріп, ашуланады. Келіні аяғына жығылып, кешірім сұрайды:




Бір кезде Үсен төре:

– Ал жарайды, кім болсаң да, домбыраны рұқсатсыз алған екенсің, онда тарт. Бірақ көкейіме қонып, көңілімді қозғайтын күй тарта алмасаң, айыбың өзіңе. Асау аттың құйрығына байлатамын, – дейді.


Сол жерде Қазанғап өзін таныстыру үшін «Көкейге түскен Көкілжан» деген жаңа күйін шығарып, тарту жөнеледі. Сай-сүйекті сырқыратқан Қазанғаптың мұндағы күйі Үсен төрені қатты толғандырады. Қазанғаптың домбырашылық шеберлігіне қайран қалған ол орнынан еріксіз атып тұрып: – Япырмай, бұл өңірде мен көрмеген, домбырасының үнін естімеген күйші жоқ еді. Мына тартқан күйің көкейіме қонып, көңілімді босатып жіберді ғой. Өмірде талай қиындық көрген жан сияқтысың. Ұлықұмның бойында Қазанғап деген жалғыз атты домбырашы бар деп естуші едім, сол сен боларсың. Ал енді Қазанғап болсаң, төрге шық, қонағым бол, – дейді. Сонда Қазанғап: – Болсақ, болармыз, – деп төрге шыға берген екен.

Ал енді осы ел арасында «Көкіл» атанып кеткен күйді тындап көрелік.

Халық әні «Қалаулымның» бастапқы буынын үйрену



↓ ↑↑ ↓ ↑↑



↓ ↑↑



↓ ↑↓ ↓ ↑↑



↓



↓↑



↓



↓↑



↓ ↑↓ ↓ ↑↓ ↓ ↑↓

Ойлан да айт!

Не себепті Үсен төренің келіні Қазанғапқа домбыраны береді?
Қазақтар қонақты қалай сыйлаған?

Ою сал! «Ирек су» 1)



2)



«Ирек су» – өте нәзік оюлардың бірі. «Ирек су» бір оюмен екінші оюдың арасын бөліп тұрады. Сондықтан бұл ою басқұр мен алашаларда жиі кездеседі.



Түсініп ал!

Алаша – жүннен тоқып жасалған тықыр кілем.

Сұрақтар:

- Қазанғап қай ғасырда өмір сүрген?
- Қазанғап не себепті Үсен төренің ауылына келеді?
- Қазанғап не сұрайды?
- Үсен төре Қазанғапқа не дейді?
- Қазанғап қандай күй тартады?
- Үсен төре Қазанғаптың күйшілігін мойындай ма?

Тапсырма:

1. Домбырада «Қалаулым» әнінің үйренген буындарын жатта.
2. «Келіншек» күйі мен «Еркем-ай» әнін қайтала.
3. «Ирек су» оюын пайдаланып, өз кілемшенді жаса.

«Ысырма»

Үсен төре Қазанғапты төрге шығарып, қонақ қылды. Сонда Үсен төре:

– Ал, Қазанғап, егер күйші болсаң, мына Ақжелеңді тартшы, ал енді Ақжелеңнің мына бір түрін тартшы, – деп, Үсен төре Ақжелеңдерді бірінен кейін бірін орындай бастайды. Қазанғап сол бойда айнытпай қайталап орындап беріп отырады. Сол жерде Үсен төре Ақжелеңнің алпыс екі түрін тартып, ал Қазанғап болса айнытпай қайтара тартып беріпті. Егер бір жерінен жаңылғанда, Қазанғап жеңілген болып есептеледі екен. Бір кезде Қазанғап Үсен төреге:

– Үсен аға, мен сіздің біраз күйіңізді тарттым ғой, сіз де менің бір күйімді тартып көріңізші, – дейді.



Сонда Үсен төре:

– Тартпай несі бар? Ал, қане, тартып көрсетші, – дейді.

Осы кезде Қазанғап қулық жасап, домбыраның асты-үстінен алып тартады. Үсен төре Қазанғаптың тартқан күйін орындай бастайды. Кенет күйдің ортасында Үсен төренің домбырасы қолынан ысырылып, түсіп кетеді.

Сол уақытта Үсен төре:

– Әй, Қазанғап-ай, осындай қулығыңмен, шеберлігіңмен аласың ғой, әйтпесе менен тартқыш емессің-ау, – деп өзілдеген екен. – Ал енді қайдан жүрсің, қайда барасың?

– Әй, Үсен аға, керуенге ілесіп, астық алып қайтайын деген оймен жолға шығып едім. Енді маған рұқсат беріңіз. Сіздің ауыл дегесін, әдейі ат басын бұрып, сәлем бере келіп едім. Мен күй тартып отырғанда, керуен ұзап кеткен шығар. Күй тартысы тоқтасын деп, осы күйді әдейі тарттым. Енді рұқсат етіңіз, жолымнан қалмайын, – деп Қазанғап орнынан тұра бергенде:

– Ей, Қазанғап, кедейлік сені әбден жасытқан екен ғой. Сен кімнің үйіне келдің, білесің бе? Сен төренің үйіне келдің. Сен ағанның үйіне келдің. Мен мына жігіттерді жіберем, түйелеріңді алып келеді. Сен енді түйелеріңді осы жерден жүктеп қайтасың, менің қадірлі қонағым боласың, – деп жігіттерді Қазанғаптың түйелеріне жібереді. Қазанғапты үйіне алып қалып, қонақ қылады.

Сондағы күй тартысын тоқтату үшін Қазанғаптың тартқан күйі ел арасында «Ысырма» деген атпен таралып кеткен екен.

Біліп ал!

Қазақтың ою-өрнектерінің барлығының да өз мағынасы бар. Текемет пен киізге салатын оюлардың өз ерекшеліктері болған. Текемет пен киіз аяқ астында жатады. Сондықтан ондағы ою үлгілері тұскиіз бен кілемде сирек кездеседі. Ұлттық киімдерге салатын ою-өрнектің де өз айырмашылығы болған. Ер адамдар мен әйелдердің ұлттық киімдерге салатын ою-өрнектері де бір-біріне ұқсамаған. Ер адам шапанының арқасына салатын дөңгелек ою күннің бейнесін көрсеткен және ол ою төртке бөлініп, дүниенің төрт бұрышын бейнелеген.



Ою сал! «Ит құйрық»: 1) **Z** 2) **Z**

«Ит құйрық» шет ою немесе оюлардың арасын бөлітүру үшін пайдаланған. «Ит құйрық» көбінесе басқұлар мен кілемде жиі кездеседі.

Ойлан да тап!

Кілемшелердің ішінен «Ит құйрық» және «Ирек су» оюлары тап:



Ойлан да айт!

Не себепті Үсен төре өз домбырасын ешкімге ұстатпаған? Сенің өз домбыраң бар ма? Сен оны қалай қадірлейсің?

Сұрақтар:

- Үсен төре қанша күй тартады?
- Үсен төре қандай күйлер орындайды?
- Қазанғап күйлерді қайталап орындай алды ма?
- Қазанғап қандай қулық жасайды?
- Қазанғап не үшін қулық жасайды?
- Үсен төре Қазанғапқа қандай құрмет көрсетті?

Тапсырма:

1. «Қалаулым» әнінің үйренген буындарын жатта.
2. «Келіншек» күйі мен «Еркем-ай» әнін қайтала.
3. Ағашқа, гүлге ұқсатып, өзің ойыннан дәптеріңе ою салып ке.

«Шынаяқ тастар»

Ертеңіне Қазанғап ұйқыдан тұрып, таңғы шайға отырады. Қазанғап Үсен төренің өнеріне, адамгершілігіне бір күй шығарғысы келеді. Домбыраны қолына алып, бір күй тарта бастайды. Үсеннің келіні Қазанғаптың тартқан күйіне ұйып, шай құюды ұмытып кетеді. Қазанғап шайдың құйылмай тұрып қалғанын көреді. Бірақ ойға оралған жаңа күйдің желісін бұзбай, тек қағатын қолымен шынаяқты нұсқап, домбырасын тарта береді.

Алайда, күйдің әсем әуеніне берілген келіншек Қазанғапқа шай құюды ұмытып кетеді. Қазанғап күйді аяқтап, домбырасын сүйей бергенде Үсен төре:

– Қазанғап, бұл қандай күй? – деп сұрайды.



– Аға, маған деген ыстық ықыласыңызға риза болып, осы күйімді сізге арнадым, – дейді сонда Қазанғап.

– Маған арнаған күйің болса, атын мен табайын. Күйдің аты «Шынаяқ тастаған күй» болсын, – дейді Үсен төре.


Өз қылығына ұялған Үсен төренің келіні шайды қайта ысытып, Қазанғаптың алдына қойған екен.

Бұл күй ел арасында «Шынаяқ» деген атпен таралып кеткен.

Ою сал! «Сынық мүйіз» –



Қазақта ең жиі кездесетін ою түрі – мүйіз тектес ою-өрнектер. Мүйіз тектес оюларды барлық бұйымдардан кездестіруге болады. Олардың атаулары да әр түрлі: қошқар мүйіз, сынық мүйіз, арқар мүйіз, сыңар мүйіз.



Ойлан да айт!

Не себепті Қазанғап «Шынаяқ» және «Ысырма» күйлерінде жаңа қағыстарды ойлап шығарған?

Біліп ал!

XIX ғасырдың аяғында Батыс Қазақстанда үлкен күйшілер сайысы болған. Ол тартысқа Орынбай, Дүкенбай, Қаратөс сияқты атакты тоғыз домбырашы қатысады. Бұл тартысқа жас күйші Қазанғап та келеді. Тартыстың шарты «62 Ақжелеңді» түгел орындау еді. Тартысқа түскен тоғыз домбырашы да үлкен шеберлік танытады. Олардың орындаған күйлерінде ешбір мін болмайды. Бір-бірін жеңе алмайды. Алайда жас күйші Қазанғап өзінің «Күй шақырғыш Ақжелеңін» орындағанда барлығы да Қазанғаптың күйшілігін мойындайды. Сөйтіп Қазанғап бұл тартыста бас бөйгені жеңіп алып, оның күйшілік данқы қазақ даласына түгел жайылады.

Түсініп ал!

Тартыс – күйшілердің бір-бірімен күй жарысы.

Сұрақтар:

- Үсен төренің адамгершілігіне тәнті болған Қазанғапқа қандай ой келеді?
- Шай ішіп отырған Қазанғап не нәрсені аңғарып қалады?
- Тартып отырған күйін тоқтатпай, шай құйылмай тұрып қалған кесені не істемек болады?
- Бұл күйді кімге арнайды?
- Күйдің сырын тапқан Үсен төре күйге қандай ат береді?

Тапсырма:

1. Қазанғаптың «Шынаяқ тастар» күйінің аңызын қайтала.
2. «Қалаулым» өнінің соңғы буынын жатта.
3. «Сынық мүйіз» оюын пайдаланып, өз кілемшеңді жасап өкел.

«Құс қайтару»

Қазанғап Үсен төренің аулында қонақ болып жата береді. Бір күні Үсен төре Қазанғапқа: «Қазанғапжан, бой казып, аңға шығып қайталық. Маған ителгі құс сыйлап аламын, мұны аңға салып, сынап көрсек қайтеді. Бірақ ителгі деп сыйлағанымен бөктергіге шатыс сияқты», – дейді. Сонда Қазанғап: «Барсақ, барып қайталық», – деп, Үсен төреге еріп, аңға шығады.

Бір кезде екеуінің алдынан бір аң жүгіріп өтеді. Сол кезде Үсен төре қолындағы құсын аңға жібереді. Үсен төре ойлағандай-ақ құсы бөктергі тектес құс болып шығады. Еркіндікке шыққан бөктергі жүгірген аңды ілмей, жерде қалықтап тұрып алады. Үсен төре құсын «Қиту-



киту, қайт-қайт» деп, қанша шақырса да, құсы қайтып оралмайды.

Үсен төренің құсы тоғайға ұшып, қарасын көрсетпей кетеді. Үсен төре құсын қуа-қуа, астындағы аты болдырып, өзі әбден шаршайды. «Шатыс құсты асырауға болмайды деуші еді, қонақтың көзінше мені әбден ұятқа қалдырды-ау», – деп Үсен төре үйіне бос оралады. Құсына ренжігені соншалық, шай-тамақ ішпей, жатып қалады. Сонда Қазанғап Үсен төренің көңілін көтергісі келіп: «Төре аға, жақсылықты білмейтін құсқа неге сонша ренжідіңіз. Құс түгіл адамның арасында да опасыздық кездеспей ме? Доспын деп отырып, кейбір адамдар бір-бірін сатып та кетпей ме? Манағы сіздің «Қиту-киту, қайт-қайт» деп, құсты қайтарғаныңызға арнап бір күй шығарып едім. Енді осы күйімді тыңдап көріңізші», – дейді. Қазанғап шығарған күйін Үсен төреге орындап береді. Қазанғаптың күйі мен айтқан сөзіне риза болған Үсен төре көзіне жас алады. Сонда Үсен төре: «Қарағым, Қазанғапжан, рақмет! Бұл дүниеден ит те, құс та, бәріміз де бір күні көшерміз. Бірақ арада өлмейтін күй қалдырдың-ау! Бұдан артық маған қандай сый керек!» – деп, Қазанғапты құшақтаған екен. Сондағы Қазанғаптың шығарған бұл күйі ел арасында «Құс қайтару» деген атпен таралып кеткен.

Ойлан да айт!

Сатқындық дегенді қалай түсінесің? Достарын сатып кеткен, сөзіне тұрмаған, өтірік айтқан балаларды кездестірдің бе?

Сұрақтар:

– Үсен төренің құсы не себепті ұшып кетеді?

- Үсен төре құсын қалай шақырады?
- Үсен төренің құсы орала ма?
- Қазанғап Үсен төреге не деп басу айтады?
- Үсен төре не деп жауап береді?
- Қазанғаптың шығарған күйі қалай аталады?

Тапсырма:

1. Домбырадан «Қалаулым» өнін түгел орында.
2. Қазанғаптың «Құс қайтару» күйінің оқиғасына сурет сал.

Халық әні «Қалаулым»

Адамның бір-біріне деген сүйіспеншілігін, табиғат пен қоршаған ортаның сұлулығын бейнелейтін халық өндерінің бірі – «Қалаулым».

Енді, балалар, «Қалаулым» әнінің сөзіне мән берелік:

Айналайын, қарағым, хал жақсы ма, а-хау,
Сала берме көзіңді әр жақсыға, қалаулым-ай.
Сала берсең көзіңді әр жақсыға, а-хау,
Бәрі жақсы көрінер алғашқыда, қалаулым-ай.

Қайырмасы:


Алматы мен Қоғалы-ай,
Өркім көңілі жоғары-ай.
Аса байлық не керек,
Ден сау болса, болғаны-ай.
Жүгіріп шықтым белеске,
Белес жақын емес пе,
Осы отырған отырыс
Бір ғанибет емес пе?

Мінген атым астыма құла қасқа, а-хау,
Шеңбер салдым құдыққа құламасқа, қалаулым-ай.
Әдейі іздеп аулыңа мен барғанда, а-хау,
Танымаған адамдай тұра қашпа, қалаулым-ай.


Қайырмасы:

Алматы мен Қоғалы-ай,
Өркім көңілі жоғары-ай.

Аса байлық не керек,
Ден сау болса болғаны-ай.
Жүгіріп шықтым белеске,
Белес жақын емес пе,
Осы отырған отырыс
Бір ғанибет емес пе?

Ою сал! «Қарға тұяқ» – 

Қазақ оюларында аң-құстарға байланысты оюлар көп кездеседі. Солардың бірі – «Қарға тұяқ». Бұл оюды бас сұрда немесе теңде кездестіруге болады.



Түсініп ал!

Тең – түйенің немесе аттың үстіне екі жағын теңдеп артып оятын дорба.

Ойлан да айт!

Аң-құстарға байланысты шыққан оюларды ата.

Сұрақтар:

- «Қалаулым» өнінің мазмұны не туралы?
- «Қалаулым» өнінде қанша қайырма бар?

Тапсырма:

1. «Қалаулым» өнінің сөздерін жатта.
2. «Қалаулым» өнін сөзімен қосып, орында.
3. Ақсу мен бүркітке байланысты өз ойыңнан ою ойлап шығарып, өз кілемшеңді жаса.

«Өттің дүние, кеттің дүние»

Қазанғаптың ұстазы атақты күйші Үсен төре 90 жас-тан асып дүние салған екен. 90 жасқа келгенінде көзінің тірісінде өзіне өзі ас береді. Әрбір жасына арнап 90 қой сойғызады. Үсен төренің асына аяқ жетер жердегі халықтың бәрі жиналады. Бұл асқа Қазанғап та келеді.

Әдетте асты қайтыс болған адамға беретін. Жиналған халық Үсен төре қайтыс болды екен деп ойлайды. Үсен төренің өзін көріп жиналған ел аң-таң болады. Сонда Үсен төре халықтың алдына шығып: «Халқым, көзінің тірісінде ас беріп жатыр деп қайран қалмаңыздар. Мен өлсем, балаларым да ас берер еді ғой. Бірақ мен көзімнің



тірісінде сіздермен ырзаласқалы отырмын. Ел басқардым, билік еттім. Мүмкін біреуге тілім тиген шығар, мүмкін біреуге зәбірім тиген шығар! Малы кеткен малын алсын, ақысы кеткен ақысын алсын. Халқым маған ренжімей, артымнан жаман сөз қалмасын. Өмір бойы домбырамды жан серік еттім. Мынау өтпелі дүниеге арнап, соңғы күйімді тартайын», – деп, домбырасын қолына алып, бір күй тартады. Сонда Үсен төренің қасында отырған Қазанғап: «Үсен аға, күйіңіздің аты қалай?» – дейді. Үсен төре Қазанғапқа: «Қарағым Қазанғап, мынау өтпелі дүниеге арнап шығарған күйім «Өттің дүние, кеттің дүние» еді. Енді осы күйді өзін тартып, халыққа жайып жүрерсің», – деп домбырасын Қазанғапқа ұсынады.

Бұл күй Қазанғаптың орындауы арқылы бізге жетті.

Сұрақтар:

- Үсен төре неше жасында өзіне ас берді?
- Үсен төре асында қанша қой сойды?
- Не себепті халық аң-таң болды?
- Үсен төре халқымен не деп қоштасты?
- Үсен төре қандай күй тартты?
- Ол күй бізге кім арқылы жетті?

Ойлан да айт!


Не себепті Үсен төре тірісінде өзіне ас береді?

Тапсырма:

1. Домбырада «Қалаулым» әнін сөзімен жатқа орында.
2. «Келіншек» күйі мен «Еркем-ай» әнін қайтала.
3. Білетін оюларыңды пайдаланып, өз кілемшенді жаса.

Біліп ал!

Қазанғап 1927 жылы 73 жасында дүние салған. Оның бейіті Ақтөбе облысының Шалқар ауданында тұр. Көшпелі құмның ортасында қалған бейітті көптеген жылдар бойы халық ұмытпай басын қарайтып отырды.



Ойлан да тап!

Суретке қарап, күйлерді ата.



ҚАЗАНҒАП



Өз білімінді тексер!

- 1) Не себепті Қазанғап керуенмен Аралға аттанады?
- 2) Қазанғаптың ұстазы кім?
- 3) «62 Ақжелеңді» қай кезде орындаған?
- 4) Не себепті Үсен төре Қазанғапты жазаламай, қонақ қылып лайды?
- 5) Қазанғаптың қай күйінде жаңа қағыстар пайдаланған?
- 6) «Өттің дүние» күйін кім шығарды?
- 7) Ер адам шапанының арқасында қандай оюлар қолданған?
- 8) Тері мен ағаштан жасалған бұйымдарда қандай ою пайдаланған?

IV тоқсан

ҚАЗАҚ ДАЛАСЫНЫҢ МАҚТАНЫШЫНА АЙНАЛҒАН КҮЙШІ ДИНА

«Әсем қоңыр»

Құрманғазы Бекетай құмы деген жерде бір он жасар керемет домбырашы қыз бар дегенді естиді. Әдейі іздеп барады. Атақты Құрманғазы келді дегенді естіген бүкіл ауыл оны қуана қарсы алады. Дина да күйшіні көруге асығады. Құрманғазы ат басын Динаның әкесі Кенженің үйіне бұрады. Үйге кіріп, аман-саулық сұрасқаннан кейін Құрманғазы келген жұмысын айтады. Дастарқан басында Динаға домбыра тартқызады. Дина да тартынбай білетін ән-күйлерін орындай бастайды. Бір уақытта Құрманғазы: «Айналайын, балам, әлі жас болсаң да, құдай



сенің бойыңа үлкен өнерді ұялатқан екен. Тіл мен көзден аман бол. Өнерінді шындай түс. Қазақтың қара домбырасының беделін биікке көтеретін адамның дүниеге келгендігіне қуанып отырмын. Өнерің өрлей берсін», – деп батасын береді. Содан кейін Динаның әкесі Кенжеге бұрылып: «Ау, Кенже! Сенің кішкентай өнерлі қызың туралы көп естуші ем, енді міне өзім тыңдап, көзім жетіп отыр. Қызыңның өнері өрге өрлесін десең, от басы ошақ қасында байлап қойма. Ұрықсат бер, мен Динаға домбыраның қыр-сырын үйретейін. Атақты домбырашылар сайысы болатын жерлерге алып барайын», – дейді. Сонда Динаның әкесі Кенже: «Ау, Құреке, ол не дегенін, іздеп таба алмайтын атақты Құрманғазы өзі келіп сұрап тұрса, бізде



қуаныштан басқа қарсылық бола ма? Сүйегі біздікі болғанмен, еті – сіздікі. Өз қолыңызға тапсырдық», – деп шын ықыласын білдіреді. Сөйтіп Дина Құрманғазының қасына еріп, тоғыз жыл шәкірті болып, шеберлігін шындайды. Дина Құрманғазының көптеген күйлерін бізге жеткізді. Сонымен қатар өзі де көптеген күйлерін шығарды.

Дина әжеміз 76 жасында Алматыға келіп, өз өнерін көрсетеді. Үлкен қалаға келіп, қала өмірін көруі Динаға үлкен әсер қалдырады. Өсіресе қолдарында портфельдері бар, мектепке жүгіріп бара жатқан балаларды көріп, көңілі босайды. «Бұлар бақытты жастар ғой. Өз өмірінде көрген, білгендерін қағазға жазып, қалдыра алады», – деп, өзінің Қоңыр деген немересін есіне алады. Шат көңілді, оқып жүрген қазақтың балалары мен немересіне арнап «Әсем қоңыр» атты күй шығарады. Домбыраны мұқият тыңдап отырсаң, домбыра «Әсем қоңыр» деп сөйлеп тұрады.

Ою сал! «Айшық» –



Қазақ оюларының ішіндегі ең күрделі оюлардың бірі – «Айшық». Көбінесе тықыр кілем және шым шиде жиі кездеседі. Бұл оюды кілемнің орта тұсында пайдаланған. «Айшық» оюын ел арасында «омыртқа» деп те атайды.



Сұрақтар:

- Ұлы күйші Дина қай ғасырда өмір сүрді?
- Дина кімнің шәкірті?
- Динаның домбырашылығын естіп келген кім еді?
- Құрманғазы Динаның домбыра ойнағанын тыңдап, оның әкесіне не дейді?
- Әкесі Кенже не деп жауап береді?
- Дина Құрманғазыға неше жыл шәкірт болады?
- Дина әжеміз неше жасында Алматыға келеді?
- Динаға не нәрсе қатты әсер етеді?
- Мектепке бара жатқан балаларды көргенде, қандай ой келеді? Есіне кім түседі?
- Осы оқиғаға арнап қандай күй шығарған?

Ойлан да айт!

Бұрынғы заманда домбыраны қалай үйренген? Ал қазір домбыраны қалай үйренеді?

Біліп ал!

1937 жылы Дина әжеміз 76 жасында Халық өнерпаздарының республикалық байқауына қатысып, бірінші жүлдені жеңіп алады. 1939 жылы Мәскеуде өткен халық музыка аспаптарында орындаушылардың бүкілодақтық байқауына қатысып, Дина әжеміз Мәскеу жұртшылығын қайран қалдырады. Қазылар алқасы Динаға бірауыздан бірінші орын береді. Динаның домбыра орындаудағы асқан шеберлігін Жамбылдың ақындық өнерімен қатар қойып, халық Динаны «Домбыраның Жамбылы» атап кетті.

Тапсырма:

1. Динаның «Әсем қоңыр» күйінің шығу тарихын қайтала.
2. «Гүлдерайым» әнінің бастапқы буынын қайтала.

«Қарақасқа ат»

Динаны он тоғыз жасында ұзатады. Динаның аулына құдалар келіп, ауыл абыр-сабыр болып жатады. Бұл хабарды естіген Құрманғазы әдейі Динаның аулына келеді. Құрманғазы құдалар отырған жерге келіп, Динаны шақырып алады. Сонда Құрманғазы отырған құдаларға:

– Мынау Дина – Кенженің қызы, менің шәкіртім, сіздердің келіндеріңіз. Дина – қазақ қыздарынан шыққан асқан домбырашы. Мен Динаның өз тойында өзіне домбыра тартқызайын деп отырмын. Құдалар, сіздер бізді сөкпеңіздер. Сіздерге айтар тағы бір тілегім, Динаның



домбыра тартуына тыйым салмаңыздар. Қарағым Дина, менің күйлерімді ұрпақтарымызға таратуды саған тапсырдым, өз домбырамды саған сыйға ұсынамын, – деп домбырасын Динаға тапсырады.

Сонда Дина иіліп, рақмет айтып, Құрманғазының домбырасын алады. Құдалардан рұқсат алған Құрманғазы: – Қарағым Дина, тарт күйлерінді, – дегенде, Дина ұяла отырып, күйлерін орындай бастайды.

Біраздан кейін Динаның әкесі Кенже:

– Қызым-ау, менің қолымнан кетіп бара жатырсың. Жасауыңа қосып не қалайсың, соны ала қой, – дейді. Динаның әкесі талай жүйрік баптаған атбегі болатын.



Оның үш жүзге атағы шыққан «Қарақасқа» деген аты бар еді. Сонда Дина әкесіне:

– Әке, осы уақытқа дейін бетімнен қақпай, еркелетіп өсірдіңіз. Менің жас кезімді, бақытты балалық шағымды еске түсіретін ескерткіш болсын. Қисаңыз, осы Қарақасқа атты беріңіз. Елді, жерді, сіздерді сағынғанда, мауқымды басатын көз болсын, – дейді.

Сонда әкесі Кенже Динаға көптеген жасауымен қоса Қарақасқа атты беріп жібереді.

Ат Динаға сүйікті әкесінің көзіндегі еді. Бірнеше жылдан кейін Қарақасқа ат ауырып, өліп қалады. Дина Қарақасқа аттан айырылғанына қайғырып, оған арнап күй шығарады. Дина күйдің атын «Қарақасқа ат» деп қояды. Күйді тыңдап отырсаңдар, басын шұлғып шауып бара жатқан аттың дүбірімен қоса, үлкен сағыныш сазы естіледі.



Ойлан да айт!

Не себепті Құрманғазы Динаға өз домбырасын береді?

Ою сал! «Омыртқа» –



«Омыртқа» оюшының екі түрі бар. Олардың бір-бірінен айырмашылығы – біріншісі шет ою түрінде пайдаланса, екіншісі орта тұсында кездеседі. «Омыртқа» көбінесе бас-құрда кездеседі.



Сұрақтар:

- Динаның ұзату тойын естіп кім келеді?
- Құрманғазы құдаларға қандай тілек айтады?
- Өкесі Кенже кеткелі тұрған Динаға не дейді?
- Дина нендей өтініш айтады?
- Қарақасқа ат ауырып өлгенде, оған Дина қандай күй арнайды?

Тапсырма:

1. Динаның «Қарақасқа ат» күйінің шығу тарихын қайтала.
2. «Гүлдерайым» өнінің үйренген буынын жатта.
3. «Омыртқа» оюларын пайдаланып, кілемше жаса.

«Бұлбұл»

Ауыл отырыстарының бірінде Дина Балым деген қызбен танысады. Балымның ақылына көркі сай және асқан өнші, шебер домбырашы екен. Дина Балымның айтқан өндері мен тартқан күйлерін тыңдап: «Япырай, осынша қасиет біте береді екен-ау!» – деп қайран қалады.


Арада бірнеше жылдар өтеді. Дина Балымға кездесе алмай жүреді. Сөйтіп жүргенде Балым қыз бір төреге тұрмысқа шығады. Ол төре өнерді аса түсініп бағаламайтын адам екен. Балымның домбыра тартып, өн айтуына тыйым салады. Бұл жағдай Балымға тіпті ауыр тиеді.

Бір күні күйеуі үйде жоқта Балым көршіден домбыра алдырып, күй тартады. Қас қылғандай осы жағдайдың үстіне күйеуі кіріп келеді. Мұндайда төзетін төре ме?!



«Шаңырағымды жынның ұясына айналдырдың», – деп, Балымды оңдырмай сабайды, қамшымен ұрады. Төренің қамшысы Балымның көзіне тиіп, екі көзінен айырылады. Ол аз болғандай, Балымды әке-шешесінің үйіне әкеліп тастайды. Балым күндіз-түні жылаумен болады. Өз мұңы мен зарын әнге салып айтады. Төңірекке Балымның әні емес, «Соқыр қыздың әні» деп таралып жатады. Бұл ән Динаның құлағына да жетеді. «Япырай, әні қандай мұңды еді, сазы қандай есті еді», – деп Дина таң қалады. Ақыры Дина соқыр қызды іздеп барады. Үйіне алып келіп, қонақ қылып, әндерін айтқызады. Сонда ғана Дина соқыр қыздың баяғы Балым екенін таниды. Екеуі отырып, көп сырласады. Бір-біріне мұңын шағады. Балымды шығарып саларының алдында: «Балым, шүкірлік еткенің жөн. Ата-анаңның әлпештеген бұлбұлы болып өсіп едің, міне халқыңның ардақтаған бұлбұлы болып жүрсің. Сен мойыма, қайта тағдырға қарсы тұра біл. Сенің бойыңда құдай берген өнер бар. Бұлбұлдай сайра. Екеуіміздің кездесуіміздің куәсі болсын. Мына күйді өзіңе арнадым», – деп Дина «Бұлбұл» атты күйін осы жерде шығарып тартқан екен. Балым шын ықыласын білдіріп, Динаны сұшақтап, риза болып қоштасқан екен.

Ою сал!

«**Сыңар мүйіз**» немесе «**Сыңар өкше**» – 

«Сыңар мүйізді» әдетте шет ою түрінде пайдаланған. Сөбінесе текемет пен сырмақта кездеседі. Ел арасында «Сыңар өкше» деп те атайды.



Ойлан да айт!

Сен тұрған қалада, ауылда ою-өрнектерді көрдің бе?

Сен тұрған қалаңның, аулыңның көшелерін қандай ою-өрнекпен өшекейлер едің?

Сұрақтар:

- Дина кіммен танысады?
- Балым кім еді?
- Балым кімге тұрмысқа шығады?
- Балымның басына қандай күн туады?
- Балым қандай жағдайға душар болады?
- Балым екі көзінен айрылғанда елге қалай танылады?
- Соқыр қыздың өнін естіп, оны кім іздеп келеді?
- Дина Балым екенің танып, оған не деп тілек айтады?
- Осы оқиғаға арнап қандай күй шығарады?

Тапсырма:

1. Динаның «Бұлбұл» күйінің аңызын қайтала.
2. «Гүлдерайым» өнінің үйренген буындарын жатта.

«Жеңіс»

1941 жылы фашистік Германия Кеңес Одағына шабуыл жасап, Ұлы Отан соғысы басталып кетеді. Дина да жалғыз ұлын Отанын қорғауға майданға аттандырады. Өнер адамдарының барлығы бүкіл күш-қуатын халықтың рухын көтеруге арнайды. Дина соғыста жүрген жауынгерлерге арнап «Ананың бұйрығы» атты күй шығарады. Бұл күй ерліктің өуеніне, халық қолындағы қаруға айналады. Бүкіл халықтың тілегі қабыл болып, 1945 жылы неміс фашистерін талқандап жойып, жеңіске жетеді. Динаның қуанышында шек болмайды. 85 жасқа келген Дина бұл оқиғаға арнап «Жеңіс» атты күйін шығарады.



Ою сал! «Арқар мүйіз» –

«Арқар мүйіз» де «Қошқар мүйіз» оюы сияқты жиі кездеседі. Қазақ шеберлері бұл оюларды күрделендіріп, әр түрлі әшекейлер мен бұйымдарға пайдаланған. «Арқар мүйіз» оюын дамыта келе қос мүйіз, бұғы мүйіз, тармақ мүйіз үлгілерін жасаған.



Сұрақтар:

- Ұлы Отан соғысы қай жылы басталды?
- Дина «Ананың бұйрығы» атты күйін кімге арнады?
- Ұлы Отан соғысы қай жылы аяқталды?
- Жеңіске арнап Дина қандай күй шығарды?

Ойлан да айт!

Жеңіс күнін біздің елімізде 9 мамыр күні тойлайды! Жеңіс күніне арналған өндерді білесің бе?

Тапсырма:

1. Домбырадан «Гүлдерайым» әнін жатқа орында.
2. «Келіншек» күйі мен «Қалаулым» әнін қайтала.
3. Өз достарыңмен бірге сыныпта жасаған кілемшелеріңнен көрмені қалай ұйымдастырар едің?

Халық әні «Гүлдерайым»

Қазақтың халық әндері – өте көне замандардан ха-
ықтың тұрмыс-тіршілігімен, әдет-ғұрпымен біте қайна-
ып келе жатқан, адам өміріне нәр берген асыл мұрала-
ымыздың бірі. Қазақ халық әндеріне «Еркем-ай», «Сәу-
ем-ай», «Қалаулым-ай» және басқа да көптеген әндер
катады. Халық әндері туған жерге, елге деген махабба-
ы мен сағынышын, анаға және балаға деген сүйіс-
еншілігін, өмірдің, қоршаған ортаның, дүниенің сұлу-
ығын жырлайды. Сондай әндердің бірі – халық әні
Гүлдерайым».

Әннің сөзі:

Ақ көңіл ағызайық әннің майын,
Жас дәурен шалқып жатқан айдындайын.
Астынан алты қырдың шыққан даусым,
Жетсе екен құлағына қалқатайдың.



Қайырмасы:

А-хау, Гүлдерайым, күн мен айым,
Ұшарға қанатым жоқ, не қылайын.

Жаз шықты жадыратып мамыр айын,
Өніне шырқай кетті Гүлдерайым.
Шырады ащы даусым әнге салсам,
Қарағым, сені есіме алған сайын.

Қайырмасы.

Ою сал! «Сырға» –



«Сырға» оюы көбінесе кестеленген көйлек, перде, шымылдық сияқты бұйымдарға салынған.



Сұрақтар:

- Халық өндері дегенді қалай түсінесің?
- Халық өндері нені жырлайды?
- Қандай халық өндерін білесің?

Тапсырма:

1. «Гүлдерайым» өнінің сөзін жаттап, домбыраға қосып орында.
2. Білетін өн-күйлерді қайталап, ата-ананың алдында орында.

Ойлан да тап!

Суретке қарап, Динаның күйлерін ата.

Тағы бір суреттегі ой

құрастыр



Ою түрлерін ата!



Ойлан да тап!

Суреттерге қарап, күйдің аты мен композиторын ата.



Өз біліміңді тексер!

1. Қалай ойлайсың, Қорқыт ескерткішінің басына не себепті темір құбырлар орнатылған?
2. Құрманғазы, Қазанғап, Қорқыт, Дина – бұлардың қайсысы ертеде өмір сүрген?
3. Қалай ойлайсың, не себепті домбыралар әр түрлі болған?
4. Домбыра мен қобызда неше перне бар?
5. Ою-өрнектер адам өмірінде қандай орын алды?
6. Қандай ою-өрнектерді білесің?
7. «Шет ою» дегеніміз не?
8. Кілемшенің ортасында қандай оюларды пайдаланған?
9. Құрманғазының қандай күйі саған қатты ұнады?
10. Қандай күйлерде домбыра сөйлеп тұрады?
11. Құрманғазы, Қазанғап, Дина күйшілердің ұстаздары кімдер?
12. Ең алғаш қобыз жасаған кім?
13. Домбыраның көмейіне қорғасын құйған кім?
14. Қорқыт атаға ескерткіш жасаған архитектордың атын ата.
15. Қорқыт күйлерін жеткізген кімдер?
16. Басқұрда қандай ою-өрнектерді пайдаланады?
17. Текемет пен сырмақта қандай ою-өрнектер бар?
18. «Алаша» дегеніміз не?
19. «Шым шиді» қалай жасайды?
20. Қазанғап қандай күй тартыстарға қатысты?
21. Құрманғазы мен Дина бірінші рет қаланы көргенде қандай күйлерін шығарды?
22. Қандай күйлерде Құрманғазы мен Қазанғап жаңа қағыстар ойлап тапты?
23. Ер адам шапанының арқасына қандай оюлар салынады?
24. Тері мен ағашта қандай оюларды пайдаланған?
25. Мектеп қабырғаларында, үйлерде, жарнамаларда, құттықтау ашықхаттарында көбінесе қандай ою-өрнек пайдаланады?
26. Ең жақсы көретін күйіңді ата.

Мазмұны

ДОМБЫРА – ҰЛЫ КҮЙШІЛЕРДІҢ ЖАН СЕРІГІ.....	4
<i>I тоқсан. КҮЙ ПЕРНЕСІ АДАМ ӨМІРІНЕН СЫР ШЕРТЕДІ .</i>	5
Халық композиторы Құрманғазы	5
«Аман бол, шешем, аман бол»	5
«Қайран шешем»	9
«Арба соккан»	12
«Машина»	15
«Түрмеден қашқан»	17
«Кісен ашқан»	21
«Қызыл қайың»	24
«Бұқтым-бұқтым»	27
Өз білімінді тексер!.....	31
<i>II тоқсан. КҮЙ ҚАШАН ПАЙДА БОЛДЫ?</i>	32
«Қорқыт туралы аңыз» (I бөлім).....	33
«Қорқыт туралы аңыз» (II бөлім)	37
«Қорқыт» күйі (III бөлім)	42
Қорқыттың күйі «Үшардың ұлуы».	45
Қорқыттың күйі «Вашпай».	49
Өз білімінді тексер!.....	53
<i>III тоқсан. ТАҒДЫРҒА АЙНАЛҒАН ДОМБЫРА</i>	56
Домбыра – күйшінің жан серігі.....	56
Халық композиторы Қазанғап	56
«Көкіл»	56
«Ысырма»	63
«Шынаяқ тастар»	67
«Күс қайтару».....	70
Халық әні «Қалаулым».....	73
«Өттің дүние, кеттің дүние»	76
Өз білімінді тексер!	80

<i>IV тоқсан. ҚАЗАҚ ДАЛАСЫНЫҢ МАҚТАНЫШЫНА</i>	
АЙНАЛҒАН КҮЙШІ ДИНА	81
«Әсем қоңыр»	81
«Қарақасқа ат»	85
«Бұлбұл»	89
«Жеңіс»	92
Халық өні «Гулдерайым»	94
Қорытынды сұрақтар	100
Өз біліміңді тексер!	100

